

**8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
Баядилова-Алтыбаева Айнура Бактығалиевнаның
«Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты»
тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына
ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлерге сәйкес келуі (жауаптың біреуін сызыңыз)	Ресми рецензент ұстанымының негіздемесі (ескертуді курсивпен бөліп көрсетіңіз)
1.	Диссертация тақырыбы (оның бекітілген күні) ғылымды дамыту және/немесе мемлекеттік бағдарламалар бағытына сәйкес келеді	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақ тіл білімі қазіргі кезде жаңа бағыттардың (когнитологиялық, антропоцентристік, психолингвистикалық, т.б.) дүниеге келуіне байланысты концептуалдық жүйеде зерттеле бастады. Қазіргі тіл біліміндегі антропоцентристік бағытқа сәйкес тілдің адамның ойлау жүйесі мен іс-әрекетіне ықпалы, сонымен қатар адамның тілге әсері, тілдегі адам факторына ерекше мән берілуде. Тілдің таңбалық ерекшелігін қарастырған зерттеу еңбегі тіл біліміндегі семиотика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвостилистика, прагматилистика, мәдениаралық коммуникация сияқты салалардың дамуына жол ашады. Зерттеу жұмысында тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы сөз етіліп, тілдік таңба ұлттың рухани коды ретінде қарастырылады. Жазу мен рулық таңбалар арасындағы тарихи сабақтастыққа шолу жасалады, руникалық жазу мен ру таңбаларының өзара байланысына тарихи-салыстырмалы талдау жасалады. Қазіргі қоғам талабына сәйкес таңбалар мен жазулар мәдениетті танытудың заманауи құралы ретінде зерттеледі.
		1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалды (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету) 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Баядилова-Алтыбаева Айнура Бактығалиевнаның «Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы 6D021301 – «Филология» мамандығы негізінде жазылған. Диссертанттың 6D021301 – «Филология» мамандығы аясында жүргізілген жұмысы гуманитарлық бағыт аясындағы мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жоба негізінде орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады/қоспайды және оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған	Зерттеу жұмысының жаңалығы ретінде ұсынылған ғылыми тұжырымдарының мәні мен маңызы жоғары. Зерттеуде тіл мен мәдениет – акпараттық-семиотикалық таңбалар ретінде

			карастырылады. Тіл – қоғамда қарым-қатынас пен танымдық қызмет құралы ғана емес, ұлттық мәдени код пен мәдени акпараттар көзі бола алатындығы сөз етіледі. Тілдік код пен мәдени кодтың куммулятивті қызметіне қатысты жасаған тұжырымдарының қазіргі қоғам үшін маңызы жоғары. Зерттеуде қазіргі қазақ қоғамында таңбалардың қайта жаңғыруын – әлеуметтік коммуникативтік мәдениеттің трансляторы ретінде қарастырады.
3.	Өз бетінше жұмыс істеу қағидаты	Өз бетінше жұмыс істеу деңгейі 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өз бетінше жұмыс істеу жоқ	Баядилова-Алтыбаева Айнура Бактығалиевнаның «Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысының теориялық дайындығы, тілдік біліктілігі, тақырыпты меңгеруі, тілдік бірліктерді жинақтап, жүйелеуі мен сұрыптауы осы диссертацияның ғылыми деңгейін, теориялық-практикалық құндылығын арттырады. Зерттеу жұмысының құрылымы, ішкі мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі диссертацияны автордың өзі жазу деңгейі, автордың диссертация мазмұнындағы жасаған түйіндеулері мен тұжырымдары, тілі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған.
4.	Ішкі бірлік қағидаты	4.1 Диссертацияның өзектілік негіздемесі: 1) негізделген; 2) Ішінара негізделген 3) негізделмеген.	Қазіргі жаһандану кезеңінде тілдің коммуникативтік қызметімен қатар мәдени кодтарды сақтау, өзгерту және тарату қызметіне де ерекше көңіл бөлініп келеді. Тілдік таңба ұлт мәдениеттің көрсеткіші. Заман талабына сәйкес ұлт мәдениетіндегі өзгерістерді назардан тыс қалдырмаған жөн. Сондықтан тілдің таңбалық сипатын, мәдени трансформация үдерісін жан-жақты зерттеу бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі болмақ. Зерттеу жұмысының өзектілігі, зерттеу негізін айқындайтын теориялық дәйектері және талқыға түскен материалдардың жеткіліктілігі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарды толық қанағаттандырады. Диссертацияның құрылымы біртұтас логикалық сабақтастықты сақтаған, содан туындаған түйіндер мен тұжырымдардан ортақ қорытынды жасалғандығы ішкі бірлігінің негізделгендігін көрсетеді. Зерттеу жұмысында келтірілген ғылыми нәтижелер, диссертанттың диссертацияда жасаған түйіні мен қорытындысы бір-бірімен сабақтас, ішкі мазмұны арқылы толық үйлеседі. Әр тарау мен тармақтарда айтылған пайымдау пікірлер мен тұжырымдар кейінгі тараулармен мазмұны арқылы жалғасады, мағыналық бірлік сақталады.
		4.2 2 Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді:	Баядилова-Алтыбаева Айнура Бактығалиевнаның «Тілдің мәдениетті

	1) көрсетеді; 2) ішінара көрсетеді 3) көрсетілмеген	трансляциялаудағы таңбалық сипаты» атты тақырыптағы диссертациясы екі тараудан, әр тарау соңындағы тұжырымдардан, қорытындыдан, қосымшадан тұрады. Зерттеу жұмысының мазмұны берілген тақырыпқа сай құрылған. Ондағы әрбір тараудың аты мен ондағы тақырыпшалардың мазмұны бір-бірімен сабақтасады. Ізденуші тілдің таңбалаушы (дыбыстық не графикалық форма) және таңбаланушы (мағына, ұғым) ұғымдарына тоқталады, тіл мен таңбалар жүйесінің ажырамас байланысын көрсетеді, акпаратты беріп қана қоймай, сол акпараттың мағынасына, мәдени мазмұнына, контекстіне де ықпал ететін құрал ретінде қарастырылады, динамикалық жүйе ретінде қабылдайды. Зерттеу жұмысында мәдениеттің бейімделу, танымдық, аксиологиялық, акпараттық және коммуникативті, нормативтік (реттеуші), білім беру және тәрбие, дүниетанымдық функциялары жан-жақты қарастырылады. Тіл мен мәдениет сабақтастығы ұлттық кодты қалыптастырады деген тұжырымға келеді. Мәдени код пен ұлттық код ұғымдарын ажыратады. Жазу мен рулық таңбалар арасындағы тарихи сабақтастыққа шолу жасай отырып, қазіргі ғылым табына сәйкес қарастыру қажеттігіне баса назар аударады. Жазудың эзотериялық сипатына тоқталады. Тілдің таңбалық сипатын қазақтың ұлттық болмысын айқындайтын бейнелі ою-өрнектерімен байланыстыра зерттейді. Алғашқы жазу түрлері мен көне ою-өрнектер арасындағы байланысты тарихи-мәдени аспектіде зерделейді. Руникалық жазу мен ру таңбаларына тарихи-салыстырмалы талдау жасап, бірнеше кезеңдерге бөледі. Руникалық жазудың пайда болуы және оның символдық мәнін <i>ежелгі кезең, ру таңбаларының қалыптасуын орта ғасырлар кезеңіне, ру таңбалар саяси мәнінің пайда болуын жаңғыру және ұлттық мемлекет кезеңіне, ру таңбаларының мәдени және рухани мәнге ие болуын қазіргі кезеңге</i> жатқызады. Ру таңбаларының символдық мәнін этнографиялық зерттеулердің және ұлттық бірлікті нығайтудағы маңызды элементі деп таниды, архетиптік, тарихи-шежірелік және этнологиялық аспектіде зерттейді. Бұған <i>Жағалбайлының таңбасы – айбалта → жасуынгерлік пен қорғаныс белгісі. Тарақтының таңбасы – тарақ → тәртіп пен үйлесімділіктің символы</i> деген мысалдары дәлел бола алады. Ізденуші таңбалар мен жазуларды мәдениетті танытудың заманауи құралы ретінде тануды ұсынады. Осы бағытта
--	--	--

			эксперименттік талдаулар жүргізеді. Қазақ ру атаулары мен руникалық жазу арасында ұқсастықты айқындайды, «Nomadizm» атты заманауи көзқараспен үйлестіріп, қазіргі заманғы брендтерге айналдырып, әлемге танылуына ықпал етеді, рухани жаңғыру мен мәдени қайта түлеудің заманауи көрінісі деп санайды. Киімдегі жазу мен таңбаны – мәдени коммуникацияның жаңа формасы ретіндегі ұсынысы мен ұлттық брендтер арқылы ел имиджін қалыптастыруға қатысты тұжырымдарының мәні мен маңызы орасан зор.
		4.3. Мақсаты мен міндеті диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді;	Тілдің таңбалық жүйесі арқылы мәдениеттің трансформациялану заңдылықтарын анықтау зерттеу жұмысының мақсатын құрайды. Осы мақсат аясында – тіл мен мәдениетті ақпараттық-семиотикалық таңбалар жүйесі ретінде тану, трансляция, мәдени құрал, тілдік код-мәдени код-ұлттық код секілді негізгі ұғымдарға түсініктеме беру, көне түркі жазуы мен руникалық таңбалар сабақтастығын айқындау, ұлттық рухани (тілдік) және материалдық мәдениет үлгілері – тілдік-мәдени код екендігін дәйектеу, ұлттық тұтастықты сақтаудағы рөлін қарастыру, тілдік таңба өзгерістерін эксперимент нәтижелері арқылы зерттеу міндеттері көзделген. Алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген, соған байланысты жасалған теориялық түйіні мен қорытындыларының шынайылық дәрежесі айқын. Оған диссертанттың зерттеу мақсаты мен оны орындау үшін белгілеген міндеттері дәлел бола алады.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыдан өзара байланысты: 1) толықтай өзара байланысты; 2) ішінара байланысты; 3) өзара байланыс жоқ;	Диссертацияда көрсетілген екі тарау және тараушалар арасында өзара логикалық байланыс сақталған, тарау соңында тұжырымдар келтірілген. Әр тарау мен тараушаларды айтылған пайымдау пікірлер мен тұжырымдар кейінгі тараулармен мазмұны арқылы жалғасып, мағыналық бірлік тауып отырған. Тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың жаңалық дәрежесін айқындайды. Ғылыми зерттеу нәтижелері өзекті мәселені, теориялық, қолданбалы міндетті шешуге бағытталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырғанда бағаланады: 1) критикалық талдау бар; 2) ішінара талдау бар; 3) талдауда өз пікірлерін білдірмейді, бірақ басқа авторлардың дәйексөздері келтірілген; 4) талдау жоқ.	Зерттеушінің қол жеткізген ғылыми нәтижелері жұмыстың алдына қойған мақсат-міндеттерін сәтті орындап шығуынан көрінеді. Зерттеу жұмысында автор өз тарапынан тілдің таңбалық сипатын бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырып, өз тарапынан саралайды. Лингвомәдениеттану, семиотика ғылымындағы негізгі қағидалар мен амал-тәсілдерді қолданады. Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен

			қорытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады. Алғашқы ғылыми нәтиже – жаңа. Көне түркі жазуы мен рулық таңбалар сабақтастығы алғаш рет лингвистикалық аспектіде зерттеу нысанына алынған. Таңбалардың ұлттық код қалыптастырудағы қызметіне қатысты жасалған ғылыми нәтиже – жаңа. Қазақ рулық таңбаларының тілдік таңбалармен ұқсастығы туралы ғылыми нәтиже – салыстырмалы жаңа. Таңбалар мен жазулардың этнолингвистикалық ерекшеліктеріне қатысты жасалған ғылыми нәтиже – жаңа. Бұл зерттеуге дейін тілдік таңбалар тарихи-этнографиялық аспектіде қарастырылған еді, бұл зерттеуде тілдік және мәдени коммуникациядағы қызметі қазіргі заман талабына сәйкес зерттеледі. «Ұлттық сезім» жобасы негізінде жасалған эксперимент нәтижелері – жаңа. Тілдік таңбаның трансляциялануын ұлттық код ретінде қабылдайды. Бұл зерттеудің нәтижелері семиотика, этнография, лингвомәдениеттану салаларында таңбалар қызметіне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.
5.	Ғылыми жаңалық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (жаңалық 25-75%); 3) жаңа емес (жаңалық 25%)	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (жаңалық 25-75%); 3) жаңа емес	Зерттеу жұмысы лингвомәдени, лингвоәлеуметтік, лингвопрагматикалық аспектіде зерттеледі. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған ғылыми теориялық және практикалық тұжырымдар мен қорытындылар зерттеу жұмысында қамтылған, барлық ғылыми жаңалықты түйіндеп көрсеткен. Зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен тұжырымдардың барлығы нақты тілдік деректерді талдау, тіл білімінде орныққан теорияларға сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан бұрын-соңды айтылған пікірлерді сараптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген: 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (жаңалық 25-75%); 3) жаңа емес (жаңалық 25%)	Әлемді қабылдаудың аксиологиялық және когнитивтік моделі, тіл мен мәдениеттің арасындағы тілдік-мәдени ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау мақсатында жасалған тұжырымдары мен тілдік-мәдени кодтың ұлттық кодты қалыптастырудағы қызметін ашуға негізделген диссертациялық жұмыс мазмұны бүгінгі таңдағы қоғамның талабына сәйкес келеді. Диссертацияда айтылған пікірлердің, жасалған қорытындылар мен тұжырымдардың нақтылығы, негізділігі, зерттеудің ғылыми айналымына мол тілдік деректерді енгізуі басқару шешімдерінің сапасын көтере түседі.

			Диссертанттың кол жеткізген әрбір нәтижесі, ғылыми жаңалықтары мен қорытындылары зерттеу мақсатына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының өн бойында орын алатын ғылыми ой-пікірлердің қай-қайсысы да нақты тілдік материалдар негізінде дәйектелген. Тілдік материалдар жан-жақты талданып, нәтижесінде зерттеу тақырыбына қатысты түйінді тұжырымдар жасалған.
6.	Негізгі тұжырымдардың дұрыстығы	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге негізделген/негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін)	Зерттеу жұмысының құрылымы, техникалық талаптармен сәйкестігі, мазмұны, тіл қолданысы (ғылыми стилі), қажетті ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, жұмыстың көлемі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияның нәтижелері мен ұсынған ғылыми тұжырымдары тақырыпқа қатысты белгілі ғалымдардың еңбектеріне, тілдегі ғылыми теорияларға негізделіп, лингвокогнитивтік, лингвомәдениеттанымдық, семиотикалық аспектіде қарастырылған. Тілдің трансляциялаушы қызметі мен тілдік таңбалар жүйесі жан-жақты зерттеледі, ақпараттық-семиотикалық таңбалар ретінде анықталып, ұлттық мәдени код ретінде танылады. Тілдік код пен мәдени кодтың тарихи сабақтастығына шолу жасалып, рулық таңбалардың куммулятивті қызметі нақты мысалдармен дәйектеледі. Эксперименттік талдаулар жасалып, тілдік таңбаның әлеуметтік-коммуникативтік мәдени қызметі анықталады.
7.	Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 2) біршама дәлелденген; 3) керісінше дәлелденді; 4) дәлелденбеген; 5) ағымдағы тұжырымдамада Ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7. Тривиальды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиальдылығын тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңалық болып табылады ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиальдылығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолданылу деңгейі: 1) тар;	Баядилова-Алтыбаева Айнура Бактығалиевнаның «Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысында қарастырылған негізгі қағидаттардың берілуі дәлелді, қолданыс өрісі кең, зерттеу жұмысы аясында жарық көрген мақалаларында қамтылғандығы жұмыстың тыңғылықты зерттелгендігін көрсетеді.

		2) орташа; 3) кен; 4) ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиалдылығын тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиалдылығын тексеру мүмкін емес.	
8.	Сенімділік принципі. Пайдаланылған әдебиеттер мен ұсынылған ақпараттардың сенімділігі	8.1 Әдістемені таңдау негізделген немесе әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған 1) иә; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың ғылыми базалық аппаратын көрсету үшін, пайдаланылған теориялық пікірлер мен тұжырымдарға сілтеме жасауы шынайы. Жұмыс барысындағы пайдаланылған сілтемелері мәдени коммуникациядағы талдау жұмыстары арқылы дәйектелген. Диссертанттың жасаған қорытындылары мен тұжырымдарында дәйектілік принципі қатаң сақталып, нақты семиотикалық, этнолингвистикалық талдаулар негізінде нақты жазылған. Жүргізілген талдауларының нақтылығы мен негізділігі жоғары. Зерттеудің ғылыми айналымына қатысты мол тілдік деректерді пайдалануы жұмыстың салмағын арттырып, сапасын көтере түскендігі көрінеді.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды: 1) иә; 2) жоқ.	«Ұлттық сезім» жобасы негізінде жасалған эксперимент нәтижелерін айқындауда сауалнама алып, компьютерлік технологияларды қолданған. Тілдік сана мен оның ұлттық-мәдени ерекшелігін анықтауда эксперименттік ассоциативті сауалнама жүргізу әдісін қолданады. Сауалнама «Google forms» платформасында жасакталып, ашық сұрақтарға негізделген. Тілдік таңбаның ұлттың рухани коды ретінде тануда эмпирикалық талдау жүргізеді.
		8.3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін Нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) иә; 2) жоқ.	Сауалнама нәтижелеріне эмпирикалық талдау жүргізеді. Сауалнама сұрақтары ұлттық мәдени таңбалар мен кодтардың тілдік санада қалай көрінетінін анықтауға бағытталған және сұрақтарының формасы еркін жауап беру (open-ended) мен танымдық бағыттағы сапалық зерттеу сұрақтарына сәйкес келеді. Олар респонденттің еркін ойлау қабілетін, мәдени білімін, тілдік санасын ассоциативті жауаптар негізінде зерттеуге бағытталған. теориялық материалдарды беруде жинау, тіркеу, жүйелеу әдістерін басшылыққа алады. Зерттеудің алғышарттарын анықтауда жіктеу әдісін қолданады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған/расталмаған	Баядилова-Алтыбаева Айнура Бактығалиевнаның «Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Зерттеуде тілдің таңбалық

			сипатын алғаш зерттеген А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов тұжырымдары басшылыққа алынған. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, тілдік таңба ерекшелігі туралы шетелдік және отандық авторлардың еңбектеріне сүйенеді. Тақырыпқа қажетті мәліметтерін ұтымды қолданады. Диссертацияның теориялық-әдістемелік негізін сенімді сілтемелермен растайды. Ізденушінің материалды логикалық тұрғыдан жүйелі беруі, зерттеу әдістері мен алынған нәтижелері, қорытындылары мен ғылыми түйіндері талапқа сай.
		8.5 Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді. Ғылыми әдебиеттер сілтемелерімен расталған / ішінара расталған/расталмаған	Автор диссертациялық жұмысында отандық және шетелдік авторларды қатар қарастырады. Олардың тұжырымдары мен пікірлерін орынды қолданады. Автор 116 еңбекке сілтеме келтіреді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми зерттеу мазмұнына сәйкес. Әдебиеттердің өндірістегі қолданысы соңғы жылдардағы әдебиеттерді қамтитындығы әдеби шолу үшін жеткілікті саналады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық мағынасы бар 1) иә; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижесі семиотика, лингвомәдениеттану теориясының толығына өзіндік үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын жоғарғы оқу орындары филологиялық, гуманитарлық бағыттарда оқытылатын таңдау компоненттеріндегі пәндерде қосымша материалдар ретінде ұсынуға болады. Сондай-ақ, этнолингвистика, семиотика, лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация салаларында қолдануға болады.
		9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа: 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (жаңалары 25-75%); 3) жаңа еместері (жаңалығы 25%)	Зерттеу жұмысында жасалған әлеуметтік-коммуникативтік мәдени аспектіде жасалған тәжірибелік тұжырымдары қолданбалы сипатқа ие, практикалық маңызы жоғары, ұсыныстары жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық хаттар сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) ортадан төмен; 4) төмен.	Баядилова-Алтыбаева Айнура Бактығалиевнаның «Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысындағы жазу мәнері мен рәсімдеу сапасы академиялық талаптарға сәйкес жоғары деп саналады. Автордың жазуындағы логикалық жүйелілік сақталған, ғылыми стилі жатық, ғылыми жұмысты (PhD) философия докторы дәрежесіне сәйкес сауатты жазылған деп бағалаймыз.
11.	Диссертацияға ескертулер	1. Логотиптер мен бренд атауларын жарнама және маркетинг құралы ретінде қолданудың заманауи үлгілерін ұсынса;	

		2. Таңбалардың ұлттық код қалыптастырудағы қызметін ЖИ шеңбері аясында қарастырса зерттеу құндылығының маңызы арта түсер еді.
12.	Зерттеу тақырыбы бойынша докторант макалаларының ғылыми деңгейі (диссертацияны мақалалар сериясы түрінде қорғаған жағдайда ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді)	Зерттеу тақырыбы бойынша докторант макалаларының ғылыми деңгейі талаптарға сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбы бойынша Scopus дерекқорына кіретін (Q1, процентиль – 87%, Q1, процентиль – 86%, Q1, процентиль – 85%) шетелдік ғылыми журналда 3 мақала, ҚР ҒЖБ Сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарында 2 мақала жарияланған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі осы (типтік ереже-нің 28-тармағына сәйкес	Баядилова-Алтыбаева Айнура Бактығалиевнаның «Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысын академиялық талаптарға сәйкес жоғары бағалауға болады. Авторы (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

А.Байтұрсынұлы атындағы казак тіл білімі
кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты

Саткенова Жайна Бағашарқызы

РАСТАЙҒЫМЫН
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы,
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
« 19 » 06 2025 ж.г.

